

Адам баласының ең басты құндылығы – өмір. Ал өмірдің мәні – ақылмен жасалған игі істер деп ойлаймын. Ақылды адам өмірде көп нәрсеге қол жеткізе алады. Себебі, оның бойында көптеген жақсы қасиеттермен қатар болашаққа деген жарқын сенім мол болады.

Дүние есігін ашқан сәттен бастап, ата-ананың саған деген сенімі, зор үміті болады. Олар саған бойындағы бар жақсы қасиетін үйретіп, бар білгенін айтумен болады. Мектеп қабырғасын аттағанда бала біріншіден білім аламын, ізденемін, ата-анамның маған деген зор үмітін ақтаймын деген ой қалыптастыру қажет. Себебі, алға қойған мақсатына осы ой үлкен әсерін тигізеді. Сонымен қатар адам баласының мақсаты нақты болу керек және соған жету жолында нық қадамдар жасай білу маңызды. Жалпы, осы армандарыңа қол жеткізу үшін адамға БІЛІМ керек. Білімді адам ешқашан өз өмірінде және қоғамда орнын таппай қалмайды. Ылғи да еңбектеніп, ізденіп, бойыңа рухани байлықты дарыту да өте маңызды. Егер де көп оқысаң, талмай еңбектенсең көптеген жетістіктерге қол жеткізе аласың. Оған мысал ретінде қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, ақыны – Абай Құнанбайұлын алуға болады. Абай атамыз жас кезінен-ақ оқуға бет бұрып, өнер-білімді өзі үйрену арқылы дамытады. Ол білім шыңына жету жолында көп еңбектенеді. Осы еңбегінің арқасында тек қазақ халқына ғана емес, өзге де мемлекеттерге танылып отырған өз елінің мақтанышы.

Қорыта айтқанда, білім – әрбір адамзат баласына қажет рухани байлық. Білімнің арқасында көпке танылған адамдар да мүлде аз емес. Ғалымды ғалым еткен де осы білім. Сондықтан жалқаулық қасиетін сырып қойып, тек талаптану қажет. Себебі, талапкер, білімді адамның ой өрісі кең, рухы биік, адамгершілігі жоғары болады.